



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# 2025 жылдың қорытындысы бойынша төлем қызметтері нарығын дамыту нәтижелеріне шолу

---

Астана, 2026

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем жүйелері және цифрлық қаржы технологиялары департаменті 2025 жылғы төлем нарығының статистикалық деректерін талдау қорытындылары бойынша қысқаша шолу дайындады.

Ұлттық қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі элементі болып табылатын Ұлттық Банктің төлем жүйелері қызметінің нәтижелеріне ерекше назар аударылды.

Құжатта төлем карточкалары мен электрондық банк қызметтері нарығының даму үрдістері, цифрландыру процестері, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу ауқымының кеңеюі, сондай-ақ трансшекаралық ағындар мен реттеуші ортадағы өзгерістерді ескере отырып, халықаралық ақша аударымдары жүйелерінің динамикасы талданады.


Сонымен қатар, төлем қызметтерінің қолжетімділігін арттырудағы, бәсекелестікті дамытудағы және қаржы сервистерінің қазіргі заманауи экожүйесін қалыптастырудағы рөліне баса назар аударылып, Қазақстан аумағында жұмыс істейтін төлем ұйымдарының қызметіне шолу ұсынылды.

## ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

2025 жылдың қорытындысы бойынша **Банкаралық ақша аударымдар жүйесі** (БААЖ) жүйелік маңызы бар төлем жүйесі, ал **Банкаралық клиринг жүйесі** (БКЖ) және **Банкаралық төлем карточкалары жүйесі** (БТКЖ) маңызды төлем жүйелері болып табылады.

БААЖ бағалы қағаздар нарығы мен валюта нарығына қатысушылардың міндеттемелері бойынша есеп айырысулар мен аударымдар жасауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты шеңберінде төлемдер жүргізуге арналған; ондағы есеп айырысулар нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады.


БКЖ бөлшек, тұрақты және аз көлемдегі төлемдерге арналған, тәулік бойы жұмыс істейтін режимде жұмыс істейді және операциялық күннің соңында біртұтас есептеу циклімен қамтамасыз етіледі.



2025 жылы БААЖ төлемдерінің саны **16,7%-ға** (немесе 5,1 млн транзакцияға) ұлғайды, ал төлемдер сомасы **4,3%-ға** (63,6 трлн теңгеге) өсті (1-сурет).

Орта есеппен алғанда операциялық күн ішінде осы төлем жүйесі арқылы **6,3 трлн теңге** сомасына **145,3 мың** транзакция жүргізілді.

Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмысқа жарамдылық коэффициенттері олардың **жұмыс қабілеттілігінің жоғары деңгейін** көрсетеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш: БААЖ бойынша – **99,78%**, БКЖ бойынша – **99,85%**, ал БТКЖ бойынша – **99,99%** болды.



2025 жылы БКЖ-дағы төлемдер саны **33,4%-ға** (немесе 19,1 млн транзакцияға) ұлғайды, ал төлемдер сомасы **21,0%-ға** (2,5 трлн теңгеге) өсті (2-сурет).

Орта есеппен алғанда операциялық күн ішінде осы төлем жүйесі арқылы **58,3 млрд теңге** сомасына **309,9 мың** транзакция жүргізілді.

БААЖ-да төлем құжаттарының **57%-дан астамы сағат 15:00 - 18:00** аралығындағы ең жоғары кезеңде өңделеді, бұл төлемдердің жалпы көлемінің шамамен **39%-ын** құрайды (3-сурет).

БААЖ-дағы төлемдер саны бойынша ең көп үлесті **3 млн теңгеге** дейінгі (83,4%) сомаға төлемдер құрайды, ал көлемі бойынша негізгі үлес **1 млрд теңгеден** астам (87,9%) төлемдерге тиесілі.




БТКЖ ел ішінде халықаралық төлем жүйелерінің (*Visa, Mastercard, UPI*) төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын банкаралық транзакцияларды өңдеуге арналған. БТКЖ Қазақстандағы төлем карточкалары нарығының қауіпсіздігін және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. 2025 жылы БТКЖ арқылы **1,04 млрд транзакция** өңделді.

Бұл ретте БКЖ-да да, БТКЖ-да құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады, ал соңғы есептеулер мен нысандарды беру жұмыс күндері бір рет жүргізіледі.

Осылайша, Ұлттық Банктің төлем жүйелері **операциялық сенімділіктің** жоғары деңгейін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар қаржы нарығына қатысушылар арасында **есеп айырысудың үздіксіз** және **тиімді** жүргізілуін, клирингтік операциялардың уақытылы орындалуын, төлем карталары бойынша транзакциялардың сенімді өңделуін, сондай-ақ қаржы инфрақұрылымына деген сенімді нығайтуға, оның ең жоғары жүктемелер мен ықтимал іркілістерге **төзімділігін арттыруға ықпал** ете отырып, қатысушылардың ақшалай міндеттемелерін бақылау мен орындауды қамтамасыз етеді.

## ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР

4-сурет. 2025 жылғы қолма-қол ақшасыз операциялар көлемінің динамикасы және бір транзакцияның «орташа» чегі



**Жылдық өсім 13%**      **Жалпы көлемі 188,4 трлн. тг.**

Қолма-қол ақшасыз операциялар Қазақстан халқының күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі болып қала береді. Қазіргі уақытта төлем карточкаларын, мобильді қосымшаларды және QR-кодты пайдалану халыққа тауарлар мен қызметтерге ыңғайлы, жылдам және қауіпсіз төлем жасауға мүмкіндік береді. 2025 жылдың нәтижелері бойынша қолма-қол ақшасыз операциялардың үлесі халықтың жалпы санының **98,3%-ы** және төлемдер мен ақша аударымдарының жалпы көлемінің **87,2%-ы** құрады.

Қолма-қол ақшасыз операциялардың максималды көлемі және жоғары орташа «чек» 2025 жылдың желтоқсаны мен тамызында болды.


Жалпы, қолма-қол ақшасыз операциялардың даму динамикасы, оның ішінде төлемдер мен аударымдарды жүргізу үшін банктердің мобильді қосымшаларын белсенді пайдаланумен байланысты.

2025 жыл банктердің цифрлық сервистерін халық өміріне енгізудің жалғасуымен сипатталады. Мысалы, **10 транзакцияның 8-і** интернет және мобильді банкинг, QR-кодты пайдалана отырып жүргізілді.

Сондай-ақ, халық **POS-терминалдар** арқылы операциялар жүргізу үшін төлем карточкасын пайдалануды жалғастыруда (*қолма-қол ақшасыз операциялар санының шамамен 20% және көлемінің 10%*).

Бұл ретте төлемдерді жүргізу үшін **QR-кодты** неғұрлым белсенді пайдалану байқалады (*санның шамамен 27% және көлемнің 11%*). QR-код арқылы жасалған операциялар саны POS-терминалдардағы төлем карточкасын пайдалану операцияларының санынан **1,4 есе**, көлемі **1,1 есе** асып түсті.

5-сурет. 2025 жылғы жүргізу ортасы бөлінісінде қолма-қол ақшасыз транзакциялардың саны мен көлемі



2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан халқы төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша алу бойынша 27,6 млрд теңге сомасына 236,5 млн транзакцияны жүзеге асырды. Жалпы алғанда, бір уақытта осындай операциялар көлемінің (+7%) ұлғаюымен қатар, халықтың төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша алу транзакциялары санының шамалы төмендегені (-3%) байқалады.

Тиісінше, төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша алу бойынша бір транзакцияның орташа сомасы 106,0 мың теңгеден 116,8 мың теңгеге дейін ұлғайды.


2026 жылғы 1 қаңтарда айналыстағы төлем карточкаларының саны **84,6** млн бірлікті құрады. Оның 50%-ы белсенді төлем карточкалары, олардың саны **3,4%**-ға артты.

Төлемдерді жүргізуге арналған инфрақұрылым бойынша қолма-қол ақшасыз төлемді қабылдайтын кәсіпкерлер санының 7%-ға (2026 жылғы 1 қаңтардағы жалпы саны – 944,9 мың бірлік) және төлемдерді қабылдау үшін POS-терминалдар немесе өзге құрылғы орнатылған сауда орындарының саны 5%-ға (жалпы саны – 1,2 млн бірлік) өскені байқалады.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша POS-терминалдар саны **1,3 млн бірлікті** құрайды.

Банктер экономикалық тұрғыдан орындылығын өзіндік бағалау мен банк қызметтеріне жоғары сұраныс қалыптасатын өңірлерді талдау есебімен POS-терминалдарды дербес орнатады.

Өңірлік бөлініс бойынша POS-терминалдардың ең көп саны республикалық маңызы бар қалаларда, Қарағанды, Алматы және Ақтөбе облыстарында байқалады.



Төлем инфрақұрылымы көрсеткіштерінің бақылаудағы өсуі Қазақстан экономикасының қолма-қол ақшасыз сегментінің **үдемелі дамуын** және халық пен бизнес үшін **қаржылық қолжетімділік деңгейінің артқанын** дәлелдейді. Төлемдерді қабылдау желісін кеңейту және нарыққа қатысушылар санының артуы одан әрі цифрландыру, қаржы секторындағы **бәсекелестікті күшейту** және ақша ағынының **айқындылығын арттыру** үшін алғышарттар жасайды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ ЖҮЙЕЛЕРІ

2025 жылдың қорытындысы бойынша Халықаралық ақша аударымдары жүйесі (ХААЖ) арқылы жүргізілген ақша аударымдарының жиынтық көлемі **974,0 млрд теңгені** құрады. Бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 7%-ға төмен.

Шот ашпай ХААЖ арқылы жүргізілген барлық операциялардың **97%-ы** Қазақстан мен басқа елдер арасындағы **трансшекаралық аударымдарға** тиесілі.


**Шетелге** жіберілген ақша аударымдарының көлемі **718,9 млрд теңгені** немесе ХААЖ арқылы жүргізілген трансшекаралық аударымдардың жиынтық көлемінің **76%-ын** құрады. Қазақстаннан шетелге бір аударымның **орташа сомасы 426,2 мың теңгені** құрады.

**Шетелден** алынған ақша аударымдарының көлемі **226,4 млрд теңгені** немесе ХААЖ арқылы жүргізілген трансшекаралық аударымдардың жиынтық көлемінің **24%-ын** құрады. Шетелден Қазақстанға бір аударымның **орташа сомасы 377,6 мың теңгені** құрады


Негізінен, бұл аударымдар жеке тұлғалар арасындағы өтеусіз аударымдар сипатына ие.

Нәтижесінде **трансшекаралық операциялар** ХААЖ арқылы аударымдардың негізгі үлесін алып отыр, ал аударымдардың орташа сомасының өсуі жеке тұлғалардың іскерлік белсенділігінің кеңеюін көрсетеді.


7-сурет. ХААЖ арқылы трансшекаралық аударымдардың динамикасы



8-сурет. Бір аударымның орташа сомасының динамикасы



9-сурет. ХААЖ арқылы жіберілген аударымдардың динамикасы




ХААЖ арқылы жүзеге асырылған аударымдарды алушы негізгі елдер:

- Ресей (31,3%)**
- Өзбекстан (31,0%)**
- Түркия (17,0%)**
- Грузия (6,0%)**
- Қырғызстан (3,4%).**

Аудармалардың шамамен **83%-ы «Золотая Корона»** жүйесі арқылы жүзеге асырылды.

10-сурет. ХААЖ арқылы алынған аударымдардың динамикасы



ХААЖ арқылы жүзеге асырылған аударымдарды жіберуші негізгі елдер:

- Ресей (23,8%)**
- АҚШ (15,2%)**
- Өзбекстан (11,3%)**
- Түркия (10,3%)**
- Германия (7,9%).**

Операциялардың **81%-дық** үлесі **«Золотая Корона»** және **«Вестерн Юнион»** төлем жүйелеріне тиесілі.

ХААЖ арқылы ақша аударымдарының құрылымдық компоненттері өз пропорцияларын сақтайды: елдер мен жүйелердің үлестері іс жүзінде **өзгеріссіз қалды**, бұл ақша ағындары **құрылымының тұрақтылығын** көрсетеді.

## ТӨЛЕМ ҰЙЫМДАРЫ

**2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша** Қазақстан аумағында **135** төлем ұйымы (ТҰ) тіркелген. Олардың ішінде 122 төлем ұйымы Алматы қаласында, 9-ы Астана қаласында, 2-еуі Қарағанды қаласында және Қонаев пен Рудный қалаларында 1-ден орналасқан.

2025 жылы төлем ұйымдарының сервистері арқылы жалпы сомасы **9,9 трлн теңгеге** операциялар өңделді, бұл 2024 жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішінен **22,2%** - ға артық.


Клиенттердің электрондық нысанда (мобильді құрылғылар мен интернет-ресурстарды пайдалана отырып) бастамашылық жасаған төлемдерді жүргізу жөніндегі операциялар ең сұранысқа ие төлем қызметтері болды. Төлем ұйымдары арқылы **6,1 трлн теңге** сомасына **519,9 млн** осындай операциялар жүргізілді (2024 жылмен салыстырғанда көлемнің 10,9% - ға өсуі).

Банктік шот ашпай төлемдерді жүзеге асыру үшін қолма-қол ақша қаражатын қабылдау бойынша төлем қызметтерін көрсету шеңберінде төлем ұйымдары **2,1 трлн** теңге сомасына **165,8 млн операция** өңдеді (2024 жылмен салыстырғанда көлемнің 31,3% - ға өсуі). *Операциялар көлемінің өсуі негізінен төлем терминалдары арқылы қолма-қол ақша салу арқылы төлем карточкаларын толықтырумен байланысты.*

Төлем ұйымдары арқылы жалпы сомасы **0,9 трлн** теңгеге электрондық ақшаны пайдалана отырып, **228,4 млн** операция жүргізілді (2024 жылмен салыстырғанда көлемнің 12,5% - ға өсуі).

11-сурет. 2025 жылы төлем ұйымдарының сервистері арқылы жүргізілген төлемдер

- электрондық нысанда басталған төлемдерді өңдеу
- электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалған төлемдерді өңдеу
- төлем жасау үшін қолма-қол ақшаны қабылдау
- электрондық ақшаны сату



Төлем ұйымдары нарығының одан әрі дамуы олардың қызметтеріне деген сұраныстың тұрақты өсуімен, мобильді және интернет-арналарды пайдаланудың белсенді кеңеюімен, сондай-ақ халық пен бизнес үшін төлем сервистерінің қолжетімділігі мен ыңғайлылығын қамтамасыз етудегі рөлінің күшеюімен сипатталады.

Төлем ұйымдары экономиканы цифрландыруды жеделдетуге, **қаржылық инклюзия** деңгейін арттыруға және төлем қызметтері нарығында **бәсекелестік ортаны** дамытуға ықпал ете отырып, қаржы экожүйесінің маңызды сегменті болып қала береді.

12-сурет. Тіркелген ТҰ және құжаттамалық тексерулер саны



13-сурет. Қозғалған әкімшілік істердің және қолданылған ШЫШ саны



2025 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру шеңберінде:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша төлем ұйымдарының тізілімінен **11 төлем ұйымы** алынып тасталды (дәйексіз мәліметтер беру, заңнама талаптарын жүйелі түрде бұзу, төлем қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асырмау және т. б.);

- төлем ұйымдарына қатысты **11 қадағалау шаралары қолданылды** (есепті нысандарды уақтылы ұсынбау, дұрыс емес есепті мәліметтерді ұсыну, тәуекелдерді бағалау туралы жыл сайынғы есепті ұсынбау). Қабылданған ықпал ету шаралары бойынша ақпарат Ұлттық Банктің интернет-ресурсында қолжетімді;

- көшпелі тексеру қорытындысы бойынша жекелеген төлем ұйымдарына қатысты **261 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама** жасалды және сот **28 млн тг.** сомасына айыппұл салды (Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзу).

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның төлем инфрақұрылымы **сенімділіктің жоғары деңгейімен** және халық пен бизнестің қаржылық операцияларына тиімді қызмет көрсету қабілетімен сипатталады.

Ұлттық Банк ұлттық төлем жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша БААЖ жүйелі маңызды, ал БКЖ және БТКЖ маңызды төлем жүйелері болып танылды. Жүйелердің операциялық орталығы («ҚРҰБ ҰТК» АҚ) ұлттық қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау мақсатында есептеулердің үздіксіздігін, ең жоғары жүктемелерді тиімді басқаруды және қауіпсіздік пен сапаның халықаралық стандарттарын сақтауды қамтамасыз етеді.

**Қолма-қол емес ақша айналымын** белсенді дамыту жалғасуда: он транзакцияның сегізі мобильді және интернет-банкингті пайдалана отырып жүргізіледі. POS-терминалдар желісінің кеңеюі және сауда орындарының көбеюі цифрландыруға және халықтың қолма-қол емес ақша төлемдерін пайдалану әдетін қалыптастыруға ықпал етеді, бұл оларды ыңғайлы, жылдам және қауіпсіз етеді.

ХААЖ арқылы жүргізілген ақша аударымдарының ең көп көлемі Қазақстан мен басқа елдер арасындағы трансшекаралық операцияларға тиесілі. Бұл аударымдардың 80% - дан астамы **«Золотая Корона»** және **«Вестерн Юнион»** төлем жүйелері арқылы жүзеге асырылады, бұл олардың ішкі және халықаралық ақша аударымдарын жүзеге асыруға деген тұрақты сұранысын растайды.

Есеп айырысудың ыңғайлылығын, жылдамдығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, халық пен бизнес үшін **электрондық және қолма-қол емес ақша сервистерін** серпінді дамытатын және **кеңейтетін** төлем ұйымдары сұранысқа ие төлем қызметтерін жеткізушілер болып қала береді.

Осылайша, елдің төлем инфрақұрылымы сенімділікті, үздіксіздікті, цифрландыруды, ішкі және халықаралық есеп айырысулар арасындағы тиімді өзара іс-қимылды, төлем ұйымдарының серпінді дамуын және халықаралық стандарттарды сақтауды біріктіреді, бұл **халықтың және қаржы нарығына қатысушылардың сенімін** нығайтады, төлемдердің ыңғайлылығы мен қауіпсіздігін арттырады және **Қазақстанның бүкіл қаржы жүйесінің тұрақтылығын** арттырады.